

СТ 35

Ceresit



«ҚАБЫҚ ҚҰРТЫ» МИНЕРАЛДЫҚ СӘНДІК СЫЛАҒЫ

Фактурасы ізбедерлі (түйіршігі 2,5 және 3,5 мм) жұқа қабатты минералдық сылақ

ҚАСИЕТТЕРІ

- әрі қарай сырлау мүмкіндігімен ақ түсті болып шығарылады;
- соққыға төзімді;
- бу өткізбеушілігі жоғары;
- гидрофобты;
- атмосфераға төзімді;
- ультракүлгін сәулелерге төзімді;
- аязға төзімді;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 35 сылағы ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде, оның ішінде Ceresit WM және VWS (минералмақта және көбікполистирол) қасбеттерді сыртқы жылуоқшаулау жүйелерін құру кезінде «қабық құрты» фактуралы сәндік жұқа қабатты сылақ жабындарын дайындауға арналған.

СТ 35 бетон, цемент-құм және цемент-эк сылақтар, гипс сылақтар және бітеуіштер, гипс-қатырма, ағаш-жаңқа тақталары және т.б. сияқты негіздерде қолданылады.

СТ 35 жабынының бедерлермен сызылған («қабық құрты жеп тастаған») фактурасы бар.

СТ 35 ақ түсті болып шығарылады. СТ 42 және СТ 44 қасбеттік акрил бояуларымен, СТ 54 силикат бояуымен немесе СТ 48 силикон бояуымен сырлануы мүмкін.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Негіз тегіс, құрғақ, жеткілікті берік, ластанулардан және жабысулықты төмендететін заттардан (шаңнан, майлардан, майлағыш майлардан, битумдық мастикалардан, берік емес лак-бояу жабындарын және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негіздің берік емес, түсетін учаскелерін жою керек.

Тегіс емес негіздерді, керамикалық немесе силикат кірпіштен жасалған қалауларды СТ 29 сылағымен сәндік сылақты жаққанға дейін кем дегенде 2 тәулік қалғанда тегістеу қажет.

Сылақ жабынының пайдалану және қорғау қасиеттерін жақсарту, сылақты технологиялық жағу, негіздің жұқа сылақ қабаты арқылы жарықты өткізуін болдырмау үшін негізді СТ 16 астарымен өңдеу ұсынылады.

Ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде:



Бетонды («жасы» ≥ 3 ай, ылғалдылығы $\leq 4\%$), цемент-эк және цемент-құм сылақтарды («жасы» ≥ 28 күн, ылғалдылығы $\leq 4\%$), СТ 190 немесе СТ 85

қоспасынан жасалған арматураланған қорғаушы қабатты («жасы» ≥ 3 күн) СТ 16 астарымен өңдеу керек.

Қатты сіңіргіш, былғанатын және шаңданатын негіздерді СТ 17 астарымен, содан кейін (кем дегенде 4 сағаттан кейін) - СТ 16 астарымен өңдеу керек.

ішкі жұмыстар кезінде:

Гипс негіздерді (ылғалдылығы $\leq 1\%$), ағаш-жаңқа, гипс-талшықты және гипс-қатырма тақталарды СТ 17 астарымен, содан кейін (4 сағаттан ерте емес) - СТ 16 астарымен өңдеу керек.

Май, желім, эк, қатпарланатын акрил лак-бояу жабындарын толығымен жою керек. Негізге жабысқақтығы жақсы акрил лак-бояу жабындарын, қажет болған кезде, дәрекі зімпара қағазымен бұдырлаңыз және СТ 16 астарымен өңдеңіз.

Сәндік сылақты СТ 16 астарының тек толық кепкеннен кейін жағу керек.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Ерітінді қоспасын дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Еріту судың мөлшерін талап етілетін консистенцияға және жағу шарттарына қарап таңдайды. Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығарып, суға аздап құяды. Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын ерітінді қоспасы пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Ерітінді қоспасы дайындалған сәттен бастап 1 сағат ішінде жұмсалуды тиіс.

Ерітінді қоспасының консистенциясын қайта араластыру есебінен ұстайды (су қоспаңыз!).

Henkel

Качество для Профессионалов

Сылақты негізге тот баспайтын болаттан жасалған үккіштің - көмегімен жағады. Жартылай үккішті бетке ~ 60° бұрышпен ұстау керек. Қабаттың қалыңдығы толтырғыштың түйірі мөлшеріне сәйкес болуға тиіс. Сылақ жабынның фактурасын ағаш немесе пластик жартылай үккіштің көмегімен ерітінді қоспасы құралға жабысатынын қойғанда бірнеше уақыттан кейін қалыптастырады. Жартылай үккішті өңделетін беттің қатаң параллель ұстау керек. Фактураны сылақ қабатын басуынан бас тартып жеңіл сырғанау қозғалыспен қалыптастырады. Үккіштің қозғалысы траекториясына байланысты келденең, тік, көлбеу, айналма немесе айқас іздерді алуға болады. Талап етілетін фактураны алу үшін құрал-сайманның жұмыс бетін мүмкіндігінше жиі тазарту қажет.

Жұмыстарды бір бетте үздіксіз орындау керек. Қажет болған кезде жұмысты үзіп, сылақ қабатын бітіру керек сызығы бойында, бояу таспасын жапсыру керек. Содан кейін сылақты скотчтың үстінен өтіп, оған фактура беру керек және скотчты сылақтың қалдықтарымен бірге бірден жою керек.

СТ 35 сылағын бояуға:

- СТ 54 силикат бояуымен - сәндік сылақты жаққаннан кейін 3 тәуліктен ерте емес;
- СТ 42, СТ 44 акрил бояуларымен және СТ 48 силикон бояуымен - 7 тәуліктен ерте емес кірісуге болады.

Сылақтың жаңа шыққан қалдықтарын судың көмегімен, кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек

. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда материалдың тұтыну және кебу уақыты өзгеруі мүмкін.

Сыртқы жұмыстарды орындаған кезде тікелей күн сәулелерінің, желдің және жауынның әсерінде болатын қасбет учаскелеріне сылақты жағуды болдырмау керек. Осы мақсатта құрылыс мінбесатыларды арнайы тормен немесе үлдірмен жабу, ал ғимаратта су ағыстарын орнату ұсынылады.

Сылақ жабынды жаққаннан кейін 24 сағат ішінде судың тікелей түсуінен және кеуіп кетуден сақтандыру керек.

Сәндік жабынның реңктерінің айырмашылығын болдырмау үшін үлкен біртекті беттерде бір партиядағы сылақты және бір көзден шыққан суды араластыру суы бірдей мөлшері кезінде пайдалану ұсынылады. Сылақты жаққаннан кейін 3 тәулік ішінде талап етілетін температуралық режимді қамтамасыз ету керек. "Сырлау үшін" нұсқасындағы сылақты пайдаланған кезде реңктердің түрлі болғанын силикат, силикон немесе акрил бояулармен сырлау арқылы жеңіл бас тартуға болады.

СТ 35 басқа материалдармен, сылақтармен және т.б. араластыруға болмайды. Сылақпен жұмыс істеген кезде тот баспайтын құрал-саймандарды пайдалану керек.

СТ 35 қоспасының құрамында цемент бар және ол сумен әрекеттескен кезде сілтілі реакция береді, сондықтан онымен жұмыс істеген кезде көз бен теріні қорғау қажет. Қоспа көзге түскен кезде оны сумен жуып дәрігерге көріну керек.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа желіммен жұмыс істеген кезде ҚНЖЕ 3.04.01-87 басшылыққа алу керек.

Ceresit WM және VWS (Минералмақта және Көбікполистирол) ғимараттардың қасбеттерін жылу оқшаулау жүйелерін жобалауды және монтаждауды СТО 58239148-001- 2006 ұйым стандартына сәйкес орындау керек.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМА

СТ 35 сылағы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 35 құрамы:	пигменттер, минералдық толтырғыштар және полимерлік түрлендіргіштер бар цемент қоспасы
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,4 кг/дм³
Ерітінді қоспасының тығыздығы:	~ 1,5 кг/дм³
Бекіту судың көлемі:	25 кг құрғақ қоспаға шамамен 4,25 - 4,5 л
Тұтыну уақыты:	~ 60 минут
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Су сіңіру коэффициенті, w:	≤ 0,1 кг/м²сағ0,5
Қысымдауға беріктігі:	≥ 10,0 МПа
Иілген кезде созылуға беріктігі:	≥ 3,0 МПа
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 0,3 МПа
Аязға төзімділігі:	≥ 100 цикл
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70°C дейін
СТ 35 шығыны:	
түйірі 2,5 мм	~ 2,5-3,0 кг/м²
түйірі 3,5 мм	~ 3,5-4,0 кг/м²

«ҚАБЫҚ ҚҰРТЫ» ФАКТУРАСЫ



Ceresit CT 35 минералдық сылағы, түйірі 2,5 мм, жағу құралы: болат үккіш, фактуралау құралы: пластмасса үккіш.



Ceresit CT 35 минералдық сылағы, түйірі 3,5 мм, жағу құралы: болат үккіш, фактуралау құралы: пластмасса үккіш.